

## Төлеби ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 21/119-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 желтоқсанда № 6640-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде №33110 тіркелген) сәйкес, Төлеби аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері-болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат төрағасы

Н. Койбагаров

2024 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 21/119-VIII шешіміне

қосымша/

## Түркістан облысы Төлеби ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна ставкалары

1. Осы Түркістан облысы Төлеби ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна ставкалары (бұдан әрі – Ставкалар) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 10-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы мөлшерлемелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

2) жергілікті әкілді орган (бұдан әрі – мәслихат) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган;

3) туристерді орналастыру орындары – мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар;

4) уәкілдіктер – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) шетелдіктер – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар;

6) шетелдіктер үшін туристік жарна операторлары (бұдан әрі – операторлар) – қалалар мен аудандардағы хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарын беретін тұлғалар;

7) шетелдіктер үшін туристік жарна – қалалар мен аудандардағы хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болатын әрбір тәулік үшін туристерден алынатын төлем.

## **2-тaraу. Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу тәртібі**

3. Шетелдіктер үшін туристік жарна (туристік – жарна) туристерден қалалар мен аудандардағы хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болатын әрбір тәулік үшін алынады (бұдан әрі – орналастыру орындары).

Төленуге тиісті алынатын туристік жарна сомасы тұру құнына енгізілмейді.

Туристік жарнаны төлеушілер, шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе занды тұлғалар (шақыруши тарап, туроператор) болып табылады

4. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес туристік жарна мөлшерлемелерін жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың негізінде әзірлейді және тиісті мәслихатқа бекітуге ұсынады.

5. Орналастыру орындарындағы туристік жарнаға айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) 0,2-ден 0,5-ке дейінгі мөлшерінде белгіленген ставкалар қолданылады

6. Туристік жарна мөлшерлемелерінің мөлшерін өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өзекті статистикалық деректер негізінде айқындалады.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген мөлшерлер шегінде, бірақ жылдына екі реттен жиі емес, маусымдықта байланысты туристік жарна мөлшерлемелерінің мөлшерін өзгертуге рұқсат беріледі.

7. Орналастыру орындарында шетелдік туристер саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда төмендеген жағдайда тиісті мәслихаттың шешімі бойынша туристік жарна мөлшерлемесінің мөлшері осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген ең төменгі мөлшерге дейін өзгереді немесе өзгеріссіз қалады.

8. Орналастыру орындарында шетелдік туристер саны өткен жылдың үкസас кезеңімен салыстырғанда ұлғайған жағдайда туристік жарнаның мынадай мөлшерлемелері қолданылады:

бес пайызға дейін – 0,2 АЕК мөлшерінде;  
бестен он пайызға дейін – 0,3 АЕК мөлшерінде;  
оннан он бес пайызға дейін – 0,4 АЕК мөлшерінде;  
он бес пайыздан және одан жоғары – 0,5 АЕК мөлшерінде.

9. Шетелдіктердің орналастыру орындарында болған толық емес күні үшін туристік жарна толық болу күні ретінде алынады.

10. Туристік жарнаны алууды операторлар шетелдіктерді орналастыру орындарында тіркеу сәтінде олардың жеке басын қуәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде жүзеге асырады.

Бұл ретте, орналастыру орындарында тіркеуден алдын алынатын операторлар шетелдіктерді немесе шетелдік үшін туристік жарнаны төлейтін тұлғаларды туристік жарна туралы хабардар етеді.

11. Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеген шетелдіктерге немесе жеке, немесе занды тұлғаларға шетелдіктер орналасқан жерінен кеткен кезде операторлар туристік жарнаның төлеу фактісін раnstайтын құжат береді.

12. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 11-бабының 5-тармағына сәйкес шетелдіктер үшін туристік жарна республикалық маңызы бар қала, астана және аудандар (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне салықтық емес түсімдер болып табылады.

13. Операторлар төленген туристік жарнаның есебін жүргізеді және тоқсан сайынғы есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей туристік жарнадан алынған сомаларды жергілікті бюджетке аударады.

14. Жергілікті атқарушы орган туристерді өздерінің әлеуметтік желілері арқылы, сондай-ақ ортақ болу орындарында (вокзалдарда, әуежайларда) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде туристік жарна төлеу қажеттілігі туралы хабардар етеді.